

100
жыл
Жас Алаш

Руханият

Өткен жылы ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы мемлекеттік деңгейде атап өтілді. Абай жылы – бітті, бірақ жыры – мәңгілік. Сол өткен жылғы мерейтой кезінде ұстазым Ақжол Батырұлы айтқандай, «Хакім шығармашылығының квинтэссенциясы» – «Китаб тасдиқтің» транскрипциясы жасалып шыққан болатын. Бұл жаңалық абайтанудай алып мұхитқа қосылған тамшыдай үлес деп санаймын.

Турағұл АБАЙҰЛЫ немесе АЙТЫЛМАҒАН АҚИҚАТ

Міне, биыл да торқалы тойдың қарсаңындамыз. Азаттықтың ақ таңы атып, Тәуелсіздіктің тұғырға қонғанына аттай 30 жыл толыпты. Жоғарыда айтқанымыздай, Абайдың жылы бітсе де, жыры әлі біткен жоқ, бітпейді де. Өсілінде, дариядай теңіздің суы тартылуы бек мүмкін емес. Фарабитанушы Ақжан Машанов: «Абай – өдебиеттің шеңберіне сыймайды» депті. Қалай айтқан ө, дәл баға емес пе? Шығармасы өз алдына мұхит болса, өмірі ше? Ғұмыры күйік пен кермек тартып, ұлт пен ұл қайғысынан мына дүниемен қош айттысып кеткен жоқ па? Ұлт қайғысы – ұлыларды ой ауруына ұшыратқан індет іспетті. Екі перзенті көз алдында, қош өке деп бақиға аттанып кете баруы – Абай үшін соққы болып тиді. Мұнан кейінгіні көтеру тіпті мүмкін емес. Қош, қу дүние кімге жолдас болған? Хакім кеткеннен кейін де ұрпақтары қилы заманның салдарынан тарыдай шашырап кетті. Сол ұрпақтарының бірі һәм бірегейі Әйгерімнен туған тұңғыш перзенті – Турағұлдың тағдыры. Өңгіме сол Турағұл хақында болмақ.

Алаштанушы Мұратбек Кенемолдін

Қиыннан қиыстырып, ұзыннан үйлесімін тауып, үзілген көңілді сөзбен жалғап жіберетін. Ұстамды. Тереңнен ойлап, байсалды пікір қозғайтын. Барлық Абай ауылының дәстүрін ілгері жалғастырушы, дамытушы сол Турағұл аға. Кейінгілерге де бас-көз болды. Ол кісі орыс жазушыларының өңгімесін көп аударды. Біразы баспасөз бетінде жарық көрді», дейді. Иә, нақ осы жолдардан Турағұл Ибраһимұлының тарихи бейнесі мен өдебиет пен руханиятқа саф адалдығын анық аңғаруға болады.

Зерттеуші М.Кенемолдин Турағұлдың мұралары туралы: «...1925 жылы А.М.Горькийдің «Челкаш» өңгімесін алғаш рет қазақ тіліне аударып, Мұхтар Әуезұлының редакторлығымен Семейде шығып тұрған «Таң» журналының №3,4 сандарында жариялайды. Ал 1927 жылы Әлихан Бөкейхан қызмет істейтін Мәскеудегі КСРО халықтары орталық баспасынан Турағұл Абайұлының қазақшаға аударуындағы А.Неверовтың «Ортақшыл Мария» және «Мен өмірге жерікпін», Джек Лондонның «Баланың ерлігі», Болеслап Прусұлының «Антеқ қыран» өңгімелері өз алдына

дармен бірге Турағұл Абайұлының да істі болып, бүкіл отбасымен жер аударылғаны айтылады. Аталмыш қаулыда оның отбасы құрамы туралы төмендегідей деректер берілген:

Зайыбы Миса – 58 жаста.

Екінші зайыбы Сақыпжамал – 53 жаста.

Ұлы Жебрәйіл (Том политехникалық институтында оқуда) – 25 жаста.

Ұлы Зүбайыр – 23 жаста.

Келіні Қанағат – 23 жаста.

Келіні Рахия – 18 жаста.

Ұлы Алыпарыстан (дұрысын айтсақ немересі – Е.С.) – 5 жаста.

Иә, ол кісі билердің психологиясын, кесімін, мінез құлқын жақсы білетін. Өзі де революцияға дейін талай ер құнын шешетін дауға аға би болып, төрелік айтқан», дейді. Тұрсын ағамыздың еңбегіне қарап отырсақ, Турағұлдың шығармашылығы мен көрегендігін айна қатесіз айқындап тұрғандай. Міне, өкінішке орай бүгінде Тұраш атамыз өзінің деңгейінде дөріптелмей келе жатқаны бізді қынжылтатыны жасырын емес. Турағұл Ибраһимұлының тағдыры, жалпылай алғанда Абай ұрпақтарының тағдыры естісе тұла-бой тітіркеніп, жан түршігетін алапат-

Бұл өлең Абайдың 2 томдық академиялық басылымының 1 томында (155 бетте) «Әбдірахманға Көкітай атынан хат» деп берілген. Бір қызығы бұл өлең М. Әуезов құрастырған 1933 жылғы толық жинақтан кездеспеді. Б. Тұрсынбайұлы да «Көкітай» атты мақаласында өлеңнің Көкітайға тиесілі екенін айтады.

Енді осы өлең турасында азды-кем пікірімізді жазып өтетін болсақ, бұл өлең академиялық басылымда:

Сөзім жоқ татымды,

Хошлықпен көріспек, –

деп аяқталады. Ал қолжазбадағы аяқталуында:

Ұйықтасам түсімде көремін,

қуанып,

Әр күннің кешінде қаламын

жұбанып, –

деген еш жерде жарияланбаған жолдарды аңғардық. Ал енді өлеңнің текстіне үңілсек:

Ағатай сағындым,

сені сау көрмекке,

Осы күн өмірімнің,

еш бір жоқ қызығы, –

деген жолдардан-ақ бұл өлеңді Әбдірахманнан жасы кіші адамның жазғанын байқауға болады. Әбдірахман мен Көкітай екеуі 1868 жылы дүниеге келген. Жас шағынан алғанда екеуі түйдей құрдас. Ал Тұраш жоғарыда айтып өткеніміздей 1875 жылы туған. Сонда Тұраш Әбіштен 7 жасқа кіші. Қолжазбадағы соңғы екі жолдың Абайдың академиялық жинағына кірістірілмеуі, сондай-ақ бұл өлеңнің Мұхтар құрастырған 1933 жылғы жинаққа енгеніне қарап бұл өлең сөзсіз Турағұлдікі болуы мүмкін деген байлам жасап отырмыз. Кейінгі жинақтарда бұл өлеңнің Көкітай атынан шығып жүргендігінің бір себебі, сол заманда Турағұлдың есімін атауға тыйым салынғандығында болуы бек мүмкін. Өйткені Тұраш көзі тірісінде қаншама дүниелерін өзге біреулердің атымен беріп отырғаны жайында деректер де жоқ емес. Алайда, белгілісі Тураштың басындағы азапты тағдырдың себебінен, жазған еңбектерінің өзі өзгенің атынан жарық көріп отыруы қаламгер үшін де өте ауыр жағдай. Тураш дүниеден өтсе де қоғамдық саханада оның есімін атаудың өзі оңайға түскен жоқ. 1932 жылы Түрмеден босап шыққан Мұхтар 1933 жылы басына үйірілген қара бұлтқа қарамастан Абай шығармаларын толық жинақ етіп құрастырғанда қуғында жүрген Турағұлдың есімін қалайша кітапқа қоса алыс?! Сол себептен бодар, сол жылғы жинаққа бұл өлеңнің кірмей қалуы. Алайда кейінгі жинақтардан бастап, бүгінгі күнге дейін бұл өлең «Әбдірахманға Көкітай атынан хат» деп жарық көріп келе жатыр...

Хош, Турағұлдың өлеңіне қатысты



Немересі Кенесары – 3 жаста.

1928 жылдың күзіндегі Т.Абайұлын айыптау кезінде одан 36 бас ірі қара малымен, 7 бөлмелі үйі, алты қанат киіз үй мен кілемі тәркіленіп алынады, ал өзі отбасымен бірге Шу өңіріне жер аударылады» деген дәлелдер айтады.

Мінеки, осыған дейін-ақ күрделенген жағдай бұдан ары ушыға түседі. 1927 жылы Турағұл тұтқындалады. 1928 жылы босап шыққан соң, Шымкентке жер аударылып, уақыт өткеннен кейін қайтыс

тарға душар болуы да – пешенеге жазылған тарихи трагедия емес пе?

628 папка немесе ақын Турағұл туралы не білеміз?

Жоғарыда келтірген келтірген деректерге назар аударсақ Тұраштың бір басында астасып жатқан қабілеттерінен оның аудармашы, этнограф, өлкетанушы, шежіреші, деректанушы екенін көруге болады. Ғаламтоптан

Сол ұрпақтарының бірі һәм бірегейі Әйгерімнен туған тұңғыш перзенті – Турағұлдың тағдыры. Әңгіме сол Турағұл хақында болмақ.

Алаштанушы Мұратбек Кенемолдин «Турағұл» есіміне қатысты: «Ұлы Абайдың өзі бұл ұлын «Тураұл» деп атаған екен де, ел аузында «Турағұл» болып кеткен» десе, Бағашар Тұрсынбайұлы: «Тураш – Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған тұңғыш баласы. Мұхтар Әуезов те, Қайым Мұхамедханұлы да Тураштың есімін «ұ» әрпімен Турағұл демей, «у» әрпімен Турағұл деп жазады. Кейінгі кезде ел ішінде, жазу-сызудың айналасында жүрген жандардың көбі «Турағұл» деп жазатын болды. Біз де бір рет осылай деп жазғанымызда, Семейдегі абайтанушы, Қайымның шәкірті Арап Еспембетовтен ескерту алдық. Турағұл – тура жолдағы Алланың құлы деген мағына беретін ер есімі болса керек» деген пікірлер айтады. Осы ізбен бізде тұлғаның есімін «Турағұл» емес, «Турағұл» деп атауды жөн көрдік. Ұлы Абайдың тәрбиесін көрген, әкесі дүниеден өткеннен кейін алғашқы кітабын жарыққа шығарған біртуар перзент жайлы қалам сілтемеу мүмкін емес шығар.

Мұхтар мен Турағұл

Алаш зиялысы Турағұл Ибраһимұлы 1875 жылы Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған тұңғышы. Зерттеуші, ақын, этнограф, қоғам қайраткері, аудармашы. Мұхтар Әуезовтің қолқа салуымен жазған Абай туралы ең құнды «Әкем Абай туралы» естеліктің жөне де бірқатар туындылардың авторы. Қолдымыздағы фактілерге сүйенсек Тұраштың Мұхтармен арақатынасы өте жылы болған деседі. Турағұл тіпті Мұхтарға рухани демеуші де болған. Оған қоса Абай туралы мағлұматтардың көбісін Тураштың әңгімелеуі негізінде Мұхаң өз еңбектерінде кең көлемде пайдаланған. Бұл туралы ғалым Тұрсын Жұртбай «Бесігіңді түзе» гүмырнама-толғауында Тұраштың қыздары Ақылия мен Мөкеннің естілігін былайша жеткізеді: «Турағұл ағамыз өнерге құштар, сауыққой, іскер, сөзді мәнерлеп, мақалдап, шешен сөйлейтін. Көп оқитын. Жастарды әкемнің (Абайдың) дәстүрінде тәрбиелеп, соны дамытуға зер салатын. Өзі де бірнеше, анығын айтсам, төрт шығарманы орыс тілінен қазақшаға тәржімалады. Біразы дер кезінде баспасөз бетінде жарық та көрді. Соның ықпалының арқасында біздің үйге оқыған жастар үйі өсті. Бәрі де Тұраш ағаны сағалайтын».

Мөкен Тұрағұлқызы: «Абай ауылының кейінгі кездегі ұйытқысы – Тұраш аға. Ол кісінің өзім білетін қасиеттері ең алдымен – шешендігі. Ол кісі талай рет билік те айтып, екі елдің арасын бітістірді. Өнерді аса қадірлейтін. Қара сөзге – жорға еді.

«Сол ұрпақтарының бірі һәм бірегейі Әйгерімнен туған тұңғыш перзенті – Турағұлдың тағдыры. Әңгіме сол Турағұл хақында болмақ. Алаштанушы Мұратбек Кенемолдин «Турағұл» есіміне қатысты: «Ұлы Абайдың өзі бұл ұлын «Тураұл» деп атаған екен де, ел аузында «Турағұл» болып кеткен» десе, Бағашар Тұрсынбайұлы: «Тураш – Абайдың екінші әйелі Әйгерімнен туған тұңғыш баласы. Мұхтар Әуезов те, Қайым Мұхамедханұлы да Тураштың есімін «ұ» әрпімен Турағұл демей, «у» әрпімен Турағұл деп жазады. Кейінгі кезде ел ішінде, жазу-сызудың айналасында жүрген жандардың көбі «Турағұл» деп жазатын болды. Біз де бір рет осылай деп жазғанымызда, Семейдегі абайтанушы, Қайымның шәкірті Арап Еспембетовтен ескерту алдық. Турағұл – тура жолдағы Алланың құлы деген мағына беретін ер есімі болса керек» деген пікірлер айтады. Осы ізбен бізде тұлғаның есімін «Турағұл» емес, «Турағұл» деп атауды жөн көрдік. Ұлы Абайдың тәрбиесін көрген, әкесі дүниеден өткеннен кейін алғашқы кітабын жарыққа шығарған біртуар перзент жайлы қалам сілтемеу мүмкін емес шығар.

Алашорда көсемі Әлихан Бөкейханов «Көкітай» атты мақаласында: «1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басындар деп, балаларына хат жаздым» дейді. Осының нәтижесінде Тураш 1909 жылы Абайдың інісі Бісқақтың баласы Көкітаймен бірлесіп әкесі Абайдың өлеңдерін тұңғыш рет Петербургтегі Илья Бораганскийдің баспаханасынан кітап етіп шығарады. Дәл осы мақаласында Әлекең Турағұлдың азаматтық болмысы туралы: «Сөйтіп кейін бірінші Г. Дума депутаттары саясат әдісіне сайланған жерде абақтыға отыралық десті. Мен осы шартпен жазғытұры 1908-ші жылы Семей келдім. Мен Семейде абақты борышымды күтіп жүргенде Шөкәрім, Көкітай, Турағұл әдейі қалаға келіп, тағы да біраз күн көңіл көтеріп, шат болған едік. Мен абақтыда жатқанымда осылар тағы келіп амандасқан. «Бұдан өзге қазақ жарамады-ау» деймін» деп жазады. Алаш зиялыларымен араласып жүрудің нәтижесінде Турағұл қоғамдық-саяси сахнаға араласып елдік мәселеге үн қата бастайды. Бұл жайлы профессор Мекемтас Мырзахметұлы: «1918 жылы Тұрағұл Семей қаласындағы земуправта гласный қызметін атқарады. Сөйткен Тұрағұл 1928 жылы конфіскеге ілінді. Ереже бойынша ірі қара малы 300-ден асса ғана конфіскеге ілінуі керек еді. Бірақ асыра сілтеу заманында Тұрағұл үйішінің малы 52 қара малға шағып көрсетілсе де, шынжыр балақ шұбар төстің тұқымы деп зорлықпен оны Сырдария округіне жер аударды» деген дерек келтіреді. Ал осы қудалау мен конфіскеге қатысты М.Кенемолдин өзінің зерттеуінде: «Мысалы, Турағұл Абайұлын қудалауға байланысты Семейдегі Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман құжатнама орталығында «Дело Ибрагимова Турагула о выселении и конфискации скота» деген құжат сақталған. Сондай-ақ мұндай құжаттарды Алматыдағы Республикалық Мемлекеттік Орталық мұрағаттағы Т.Құнанбайұлына қатысты қозғалған қылмыстық қылмыстық іс қағаздарынан да кездестіреміз. Бұл құжаттардың бірінде, яғни бай-қулақтардың мал-мүлкін тәркілеу жөніндегі Семей округтік комиссиясының 1928 жылдың 19 қарашасындағы қаулысында облыс көлеміндегі бір топ ауқатты адам-

Мінеки, осыған дейін-ақ күрделенген жағдай бұдан ары ушыға түседі. 1927 жылы Турағұл тұтқындалады. 1928 жылы босап шыққан соң, Шымкентке жер аударылып, ұзаққа созылған дерттің салдарынан 1934 жылы 6 наурызда қызы Мөкеннің қолында бұл дүниемен қош айтысады. Біз жоғарыда Мұхаң мен Тураштың ерекше байланысы туралы айтқанымыздай Турағұл дүниеден өтерінен бір жыл бұрын, яғни 1933 жылы М.Әуезовтің үйінде қонақта болған, тіпті, Мұхаңның қаламынан туған «Еңлік-Кебектің» жазылуына жөне сол пьесаның Ойқұдықта қойылуының да дөнекері дәл осы Тұраш болған деген деректер айтылады. Бұл туралы Т.Жұртбайдың «Бесігіңді түзе» кітабында:

«Еңлік-Кебек» пьесасы Тұрағұл болмаса жазылмас та, сахнаға қойылмас та еді. Билердің айтысын, әр кейіпкердің мінезі мен өмірін Мұхтарға өз үйінде отырып қағазға түсірткен де Тұрағұл. Ең алғашқы мақаласын газетке бастырған да сол адам», деп жазады.

Ал Мөкен апа болса: «Мен 17 жасымда тұрмысқа шықтым. Жолдасым Еркежанның бірге туған бауырының баласы, заң қызметкері Ұлықбек Мұхамеджанов. Біз жұмыс бабымен Шымкент қаласына ауысқанда Тұраш аға да сонда тұрды. Сол кезде «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» хикаясының нұсқасын қиссаһы шалдардан көшіріп алып: «Бұл өте қажет. Жырдың осындай өзгеше нұсқасын бұрын кездестіргенім жоқ», – деп аса ынта қойып тыңдады. Содан кейін Абай әкемнің творчестволық жолын, өлеңдерінің шығу тарихын жазған журналы күні кеше ғана қолды болды. Онда мол мағлұматтар кездеседі. Ол кісі 1933 жылдың аяғында Мұхтардың үйінде екі айдай қонақ болып, сол жолы республикамыздың Орталық Атқару Комитетінің секретары Ораз Исаевқа жолығып, творчестволық жұмысы жайлы әңгімелеседі. Алматыдан көңілді оралады. Алайда, аяқ астынан сырқаттанып, 1934 жылы 6 наурызда дүниеден қайтты. Жалпы Мұхтар да осы Тұраш ағамды аузынан тастамайтын. Абай өмірінің қыр-сырын, Шыңғыс тау тарихын, көне оқиғаларды Мұхаңа жеткізген Тұраш. Бір жолы өз үйінде қонақта отырғанда Мұхаң маған:

– Мөкен, сен осы «Еңлік-Кебектің» толғауларындағы қазақ сөздерін, жөн-жобалы нұсқасын, билердің айтысының негізін кімнен алып, үйренгенімді білемісің, – деді.

– Жоқ, Мұха.

– Пәлі, осы сендердің сондай өнегелі жайды көрмейтіндерің, сезбейтіндерің бар-ау. Құдай-ау өзінің өкең Тұраш ағадан естіп, жазып алдым ғой. Мақтанғаным емес, басқа жазғандарымнан гөрі, «Еңлік-Кебектің» тілі – тұнып тұрған халықтың тілі. Ерекше тіл. Оны Тұраш ағам айтқызып, көшіріп қағазға түсірдім, – деді.

деректерге назар аударсақ Тұраштың бір басында астасып жатқан қабілеттерінен оның аудармашы, этнограф, өлкетанушы, шежіреші, деректанушы екенін көруге болады. Ғаламтордан тұлға туралы іздер болсаңыз ақын деген мәлімет те шығып тұр. Алайда өлеңдерін жиі кезіктірмейміз. Зерттеуші Б. Тұрсынбайұлы Турағұл туралы мақаласында:

Алладан мен қапа боп тілеген күн, Жым-жырт болып салбырап кетеді түн, – деп басталатын үш шумақ өлеңін келтіреді.

Енді осы орайда ақын аты қатар аталатын тұлғаның осы бір ғана өлең жазумен шектелуі мүмкін бе деген сауалдың туындайтыны заңды. Содан не керек? Мұның да жауабын тапқандай болдық. Алматы қаласындағы Орталық кітапханада Турағұл Ибраһимұлының 7 беттік қолжазбасы сақталыпты (№628 папка, 3 дәптер). Қолжазба латын қарпінде жазылған. Титулдық бетінде: №628 (3) Тұрағұлдың Абдірахманға өлеңмен жазған хаты, деп жазылған. Дәптерді ашқан бетте:

1. Абайдың Тұрақұл деген баласы Алматыдағы науқастанып жатқан Абдрақыман деген ағасына өлеңмен жазған хаты 1-3.

2. Тұрақұлдың тағы бір хаты 3-4.

3. Абайдың Мағауия деген баласы Абдірахман Алматыда өткенде қасында болған, сонда ағасының науқастан бейнет көріп жатқанын өлеңмен айтқаны 4-6, – деген түсініктеме берілген. Сондай-ақ Абайдың Ділдадан туған баласы Мағауияның Абдірахманға арнаған «Жалғыз міне отырмын әр нәрсе ойлап» деген өлеңі де аталмыш дәптердің 4 бетінде орналасқан. Абдірахманның 1895 жылы қайтыс болғанын ескерсек Тұраштың бұл өлеңдерді осы жылдар ішінде жазғаны анық. Жас тұрғысында Тұраш бұл кездерде небәрі 20 жасар жігіт.

Көзімнің нұрысыз,
сізсіз жоқ қуаныш,
Өмірімнің гүлісіз,
көңіліме жұбаныш.
Зар қылып тілеймін,
рахымын Алланың,
Елжіреп жылаймын,
көңілін аш бөндеңнің.
Саулығын қалқама,
бере гөр я Рахым,
Тілегім бұл ғана,
қайғымды қыл шағын.
Ағатай сағындым,
сені сау көрмекке,
Осы күн өмірімнің,
еш бір жоқ қызығы.
Жаралы көңілімнің,
жазылмай сызығы,
Мақсатым хатымда,
аз уақыт болса ермек,
Сөзім жоқ татымды,
қошлық бен көріспек.
Ұйықтасам түсімде көремін,
қуанып,
Әр күннің кешінде қаламын
жұбанып.

қалуы. Алайда кейінгі жинақтардан бастап, бүгінгі күнге дейін бұл өлең «Әбдірахманға Көкітай атынан хат» деп жарық көріп келе жатыр...

Хош, Турағұлдың өлеңіне қатысты азды-кем мағлұматтарымыздың жиыны осы, ал қолымызға түскен латын қарпінде жазылған өлеңін кирилл қарпіне түсірген едік. Сол өлеңдер тізбегін осы жерге беруді ұйғардық.

Тағы сол Турағұлдың Ғабдырахман деген ағасын Әбіш деп айтушы еді. Жаңа бір жазған хаты.

Рахаты көңілімнің Әбіш ағай,
Аллаға мәлім шығар
біздің де жай.
Күнде Алладан тілеймін
тынбай жылап,
Бізді душар қылдың деп
күнге осындай.
Аллаға мағұлым шығар
қылған сыйым,
Жан қиюға ризамын бір сіз үшін,
Өмірімнің осы күнгі бар қызығы,
Амандасып, жолғасып
көрген түсін.
Оңалып лазареттен шықтық
деген,
Сөзіңіз жанға жылы болды төтті.
Бірің ақыл, бірің көрік ағаларың,
Бұрынғыдан екі есе бағаларың,
Әбіш ағам бағымыз Құдай берген,
Құдай-ау бұл көңілді
қылма жарым.

Турағұлдың тағы бір хаты

Бастапқы қатты көріп қалдық
шошып,
Соңғы хаттан жақсылық
тұрдық тосып.
Жүректің шошығаннан
лүп еткенін,
Қайта оңалған қызыққа
кеттік түсіп.
Өңге ой жоқ, тындап қапшын
хаттың сөзін,
Хат оқыған ағада екі көзім.
Хат біткен соң ағамды абайласам,
Көз жасаурап, суалған көрдім
жүзін.
Онан соң алдық жыртып
соңғы хатты,
Құдайға етем қылып мінежатты.
Көп тіленіп сұрайды осыны
айтып,
Мен шыдаймын есітіп мұны
қайтып?
Жүзін көріп бейнеті еске түсіп,
Бойымды жеңе алмадым
бүгін тартып.

Турағұл өлеңінің латын қарпінде жазылған қолжазбасы.
ҚР білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК орталық ғылыми кітапханасы, (№628 папка, 3 дәптер)

Әзімхан ИСАБЕК,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
«Мұхтарману» ғылыми орталығының жоғары білікті маманы, гуманитарлық ғылым магистрі